

## 2014 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 53 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 наурызда № 4481 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі б е л г і л е н с і н :

жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;  
жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіптік қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын аяқтаған жұмыссыздар;  
жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген елу жастан асқан адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Қ.Өтегеновке жүктелсін .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Аудан әкімінің міндеттерін атқарушы,  
аудан әкімінің орынбасары И. Мусин*